AP26197921 Білім беру процесінде оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық жағдайын талдау және болжау үшін жасанды интеллектті пайдалана отырып, мұғалімдердің зерттеу құзыреттіліктерін дамыту

Жобадан күтілетін нәтижелер:

• Web of Science деректер қорындағы Social Science Citation Index базасына енгізілген және 1 (бірінші) немесе 2 (екінші) квартильге жататын импакт-факторы бар, немесе Scopus базасындағы CiteScore көрсеткіші 50 (елу) пайыздан төмен емес рецензияланатын ғылыми журналда кемінде 2 (екі) мақала немесе шолу жариялау жоспарлануда; • ҒЖБССБК ұсынған рецензияланатын шетелдік немесе отандық басылымдарда кемінде 4 (төрт) мақала немесе шолу жариялау; о Жарияланымдардың бірі multidisciplinary (көпсалалы немесе пәнаралық практикалық қолдану) санатында болуы қажет. о Multidisciplinary санатына жатпайтын ҒЖБССБК тізіміндегі 1 санаттағы отандық журналдар үшін 1 және 2 санаттағы журналдар ескеріледі, егер олар екі немесе одан да көп категорияда индекстелген болса. 2. PhD деңгейіндегі маман даярлау - Жасанды интеллекттің білім беру саласындағы қолданылуы мен мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамыту бойынша кемінде 1 философия докторы (PhD) дайындалады. Диссертацияны қорғау жобаның аяқталуынан кейін 2 жыл ішінде жоспарлануда. 3. Нәтижелерді әлеуетті пайдаланушылар мен жұртшылық арасында тарату - Жоба нәтижелерін педагогтар, Білім министрлігі өкілдері, ғалымдар және басқа да мүдделі тараптар арасында тарату үшін кемінде 2 конференция немесе семинар өткізіледі. 4. Білім беру тәжірибесіне әсер ету және әдістемелік ұсынымдарды әзірлеу - Оқушылардың әлеуметтік-эмоционалдық жағдайын талдау және мұғалімдердің зерттеу дағдыларын дамыту үшін ЖИ құралдарын қолдану бойынша әдістемелік нұсқаулар әзірленеді және таратылады.